

Жараткел НОББМ 2022-2025 оқу жылындағы тәрбие жұмысы бойынша Мектепшілік бақылау жұмысының талдамасы

2022-2023 оқу жылына арналған тәрбие жұмысы бойынша мектепшілік бақылау жұмысының жылдық жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығының 4-қосымшасы негізінде жасақталып бекітілді.

Мектепшілік бақылау жоспары төмендегідей бағыттарда құрылды:

- нормативтік құжаттарды орындау;
- класс жетекшілердің тәрбие құжаттарын жүргізілуін бақылау;
- оқушылардың оқулықпен қамтылуын қадағалау;
- оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуы
- оқушы күнделіктерін тексеру
- тәрбие жоспары бойынша тәрбие сағаттарының жүргізілуін бақылау
- оқушылардың сабаққа қатысымдарын тексеру
- мектепте үйірмелердің, спорттық секциялардың уақытылы жүргізілуін қадағалау;
- мектепте жүзеге асырылған қайырымдылық акциялар
- ата-аналармен бірлескен жұмыстардың жүргізілуі
- мектеп құжаттарының жағдайы
- оқушылар мен мұғалімдер кезекшіліктерінің атқарылуы.

Жаңа оқу жылына тәрбие құжаттарын талапқа сай рәсімдеу мен жоспарлауды жүзеге асыру үшін оқу жылының басында класс жетекшілермен 2022-2023 жылға арналған ӘНХ Тәрбие берудің ерекшеліктері мен бағыттары бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Жиында тәрбиенің басым бағыттары бойынша атқарылатын жұмыстар мен іске асырылатын жобалар талқыланып мектепшілік шаралар белгіленді.

Мектеп директорының 03.09.2022 ж № 53 бұйрығымен сынып жетекшілер төмендегідей деңгейде бекітілді.

1-сынып жетекшісі Сандибекова А.

2-сынып жетекшісі Аяпова Г.

3- сынып жетекшісі Жиеналы М.

4 сынып жетекшісі Алпысова Г.

5-сынып жетекшісі Хамитова Ж.

6-сынып жетекшісі Есмаганбетова А.

7-сынып жетекшісі Қайроллаева А.

8-сынып жетекшісі Мәдешова Ә.

9-сынып жетекшісі Алдиярова Ж.

Жылдың басында тәрбиенің 8 бағыты бойынша құрылған әр сынып жетекшінің тәрбие жоспарлары бекітілді.

2022-2023 оқу жылы 50 білім алушымен басталды. Барлық білім алушы оқулықтармен толық қамтылды. Ыстық тамақпен көп балалы отбасы балаларынан 14 бала қамтылды.

Мектеп оқушыларының күнделіктерін тексеру жұмыстары ай сайын тұрақты түрде жүргізіліп отырды. 1-4 сынып және 5-9 сынып оқушыларының күнделіктері кесте бойынша тексеріліп, қорытынды анықтамасы шығарылып отырды.


Күнделік тексеру кезінде мынадай кемшіліктер кездесті. Білім алушылар күнделіктеріндегі пән мұғалімдер есімдерінің толық, дұрыс жазылмауы, сабақ кестесінің, алдыңғы беттерінің дұрыс толмауы, бағалардың аздығы және ата-аналар қолының қойылмағандығы анықталып, сынып жетекшілерге кемшіліктер хабарланып түзетіліп отырды.

Тәрбие жоспары бойынша тәрбие сағаттарының жүргізілуін бақылау 1-9 сынып жетекші жұмыстары толық бақылауға алынып, сынып сағаттарының жоспар бойынша тиісті деңгейде жүзеге асырылуы қадағаланып отырды. Мәселен, сынып сағаттарының апта сайын уақытылы жүргізілуінде кейбір сынып жетекшілерге ескертулер жасалды. Апта сайынғы тәрбие сағатының дұрыс уақытында жүргізілуі ұсынылды. Ай сайын мектепшілік бақылау кестесі құрылып, сынып жетекшілердің сынып сағаттарына қатысып қадағаланды.

Мектеп оқушыларының сабаққа қатысымын күнбе-күн бақылауды мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілер жүзеге асырып отырады. Келмеген, сабақтан көп қалатын оқушылардың ата-аналарымен байланыс жасалып, себептері анықталып кестеге түсіріліп отырады. Ай сайынғы жасалған қорытынды бойынша себепсіз, ескертусіз сабақтан жиі қалатын оқушылар анықталмады. Көп жағдайда білім алушылар денсаулық жағдайына байланысты дәлелдейтін анықтамасымен келді. Қазан айында 7-сыныпта сынып жетекші А.Қайроллаеваның «Қарттарым, аман-сау жүрші», 8-сынып жетекшісі Ә. Мәдешованың «Әдептілік-әдемілік», 1-сынып жетекшісі А.Сәндібекованың «Қазақстан – менің Республикам!» тақырыптарындағы сынып сағаттарына кірілді. Сынып сағаттарының өткізілу деңгейі, мақсатпен жұмыс жасау бағыттары анықталып қосымша бағыт-бағдар берілді. Желтоқсан айында 8-сынып жетекшісі Ә.Мадешеваның «СПИД –ғасыр дерті», 3-сынып жетекшісі М.Жиеналының «Табиғат –өз үйім» тақырыптарындағы сынып сағаттары бақыланды.

Сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігінің жылдық жұмыс жоспарына сәйкес «Сыныптағы тәрбие- жетекшінің басты мақсаты», «Сынып


жетекшінің тәрбиелік жұмыстарда алатын орны» тақырыптық жиналыстар өтті.



2022-2023 оқу жылы бойынша 2 спорттық секция, 2 үйірме жұмыс жасады. Жыл бойы сабақтарын мектепішілік бекітілген кестеге сәйкес жүргізіп отырды. Теннис 16 оқушы жетекшісі – Серікұлы Н.,
Ұлттық ойындар (тоғызқұмалақ) -7 оқушы жетекшісі – Жүгінісова Г.
Театр -18 оқушы жетекшісі –Мутигуллаева С.

Мектеп оқушыларының сыныптағы кезекшіліктерінің және мектепішілік кезекшілігінің атқарылуын бақылауды мектеп тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Есмаганбетова, мектеп тәлімгері З.Кребаева және Мектеп Парламенті өзін-өзі басқару ұйымы бақылап, қадағалап отырды. Апта сайын тұрақты түрде лездемелер жасалынып, кемшіліктер бойынша уақытында жұмыстар жасалды. Осы бағытта Мектеп Парламенті мүшелерінің ұйымдастыруымен бастауыш класс оқушыларына үзіліс кезінде қызықты жарыс, тәртіп, тазалық бойынша жұмыстар жүргізіліп отырды. Ай сайынғы қорытынды анықтамалар негізінде 1-9 сынып оқушыларының тәрбиелік деңгейі диагностикасы бойынша сыныптардың тәрбиелік деңгейі диагностикасы «4» деп бағаланды. Қорытынды бойынша тәртіп бұзған, құқықбұзушылықтар жасаған білім алушылар болған жоқ.

Ата-аналармен өзара әрекеттесу бағытында мектепішілік ата-аналармен жұмыс жоспары, әр сынып жетекшінің ата-анамен жұмыс жоспары жасалынып жылдық жұмыстар жасалды. Токсан сайын ата-аналармен ата-аналар жиналыстары ұйымдастырылып, тақырыптық іс-шаралар ұйымдастырылып отырды.



Қосымша клубтар мен қоғамдық жұмыстардың жылдық жоспарлары бойынша жұмыстары тұрақты қадағаланып отырды. «Жібек» қыздар клубы, «Ұлдар» клубының отырыстары уақытылы өткізілді.

2022-2023 оқу жылында «Мектепке жол» акциясы аясында мектеп ұжымы көп балалы отбасы балаларына керекті оқу- құрал, киімдерін алып берді.

2022-2023 оқу жылының жылдық қорытындысы бойынша:

1. Сынып жетекшілер жылдық тәрбие жұмысы жоспарын тұрақты өз уақытында жүзеге асырды.
2. Мектеп оқушылары оқулықтармен толық қамтылды.
3. 14 білім алушы ыстық тамақпен қамтылды.
4. Сабақты себепсіз, ескертусіз көп жіберген оқушы жоқ
5. Үйірмелер мен спорттық секция жұмыстары тұрақты жүргізілді.
6. Сынып жетекшілер құқықбұзушылықтың, діни экстремизмнің алдын алу бағытында жұмыс жасады.
7. Мектепшілік, аудандық есепте оқушы жоқ.

Жарөткел НОББМ 2023-2024 оқу жылындағы тәрбие жұмысы бойынша Мектепшілік бақылау жұмысының талдамасы

2023 -2024 оқу жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 16 қыркүйектегі № 472 бұйрығы мен Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша Мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен 2023-2024 оқу жылына арналған КЕШЕНДІ ЖОСПАРЫ негізінде жасалған тәрбиенің жылдық жоспары жасалып, бекітілді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында іске асырылған жобалар және бекітілген жетекшілер:

- «Оқуға құштар мектеп», «Балалар кітапханасы» жобасы- З. Кребаева
- «Балалар және театр» жобасы- С. Мутигуллаева
- «Еңбегі адал жас өрен» жобасы-М.Байниязов
- «Ұшқыр ой алаңы» жобасы- Ә.Шалғынбаева
- «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы-А.Қайроллаева
- «Ұлттық мектеп лигасы» жобасы-Н.Жүгінісова

«Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы- М.Байниязов, Ә.Борантаева
«Төрт тоқсанға-төрт өнер» жобасы- Ә.Шалғынбаева, А.Қайроллаева
«Тоғыз айға 9 іс-шара» тұжырымдамасы- Ж.Хамитова
«Ата-аналар мектебі» - Ж.Хамитова, Г.Тоқабаева

Мектеп оқушылары арасында жүргізілетін тәртіп бұзушылыққа қарсы бірлескен 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспары құрылып, аудандық ІІБ нің қызметкерлерімен бірлесіп жұмыс жүргізілуде.

-Мектеп әкімшілігі мен ұстаздары арасынан құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша комиссия штабы құрылды.

-Мектепшілік бақылаудың жұмыс жоспары құрылып, бекітілген.

-Түнгі кезекшілігі құрылып рейдтер ұйымдастырылады.

-Ай сайын құқықбұзушылықтың алдын алу комиссиясының отырысы өтіп тұрады.

-Оқушылардың қоғамдық орындар мен білім мекемесінде мінез-құлық ережесін қатаң сақтауын қамтамасыз ету бойынша «Мектеп ережесі» жасалынып, оқушылармен таныстырылды.

-Оқушылардың арасында себепсіз сабаққа қатыспайтындарға анықтау журналы арналған.

-Мектепте оқушылар арасында «Жас Ұлан», «Адал Ұрпақ» , «Жас Сарбаз» , «Ұшқыр ой» дебат» , клубы құрылған. Мектептегі оқу тәрбие процесіне өз үлестерін қосып отырады.

-Мектепте хиджап киетін және орамал тағатын оқушы-жоқ.

-Аудандық ІІБ-де тіркеуде және мектепшілік есепте тұрған оқушы-жоқ.

-Мектеп бойынша себепсіз сабақ көп қалдыратын және ұзақ уақыт бойы себепсіз сабаққа келмеген оқушы-жоқ.

-Оқу үлгерімі мен тәртібіне байланысты мектептен шығарылған оқушы – жоқ.

- «Сенім жәшігі» қойылған, мектеп психологтері карап, актілеп, арнайы журналға тіркеп тұрады.

Қыркүйек айының алғашқы аптасында жұмыс жоспары құрылып, бекітілді. 1-9 сынып оқушылары, мектеп педагогтары және ата-аналарымен жұмыс жасалынды. Мақсаты: балалардың отбасында, қоғамдық ортада, білім беру ортасында құқықтары қорғалуы, панасыз, қадағалаусыз қалуының алдын алу, буллингке жол бермеу.

Қазан айының 12 – не мектебімізде «Буллинг, оқушы, қамқор ата-ана: Мектептегі зорлық-зомбылықпен қалай күресу керек?» ата-аналармен дөңгелек үстел өтті. Мақсаты: буллинг, зорлық – зомбылық туралы ақпаратты кеңейту, алдын-алу шараларын талқылау. Ата-аналар белсенді қатысты, бейнеролик көрсетіліп, тренинг жүргізілді.

Қараша айының 24-күні, 6-9 сынып оқушыларына «Мектептегі буллингтің алдын-алу жолдары» тақырыбында, аудандық білім бөлімінің 2023 жылғы 11-қазандағы № 05-20/1749 шығыс хатына сүйене отырып баланы

жәбірлеудің (буллингтің) алдын-алу бойынша атталық іс-шаралар және психологиялық тренинг жүргізілді.

Қазан айында 3-4 сынып оқушыларымен «Өмір қымбатсың маған» дөңгелек үстел өткізілді.

Қараша айында 5-7 сынып оқушыларына «Білім алушылар арасындағы қорлау, мазақтау намысқа тию жағдайларының алдын алу» барысында дөңгелек үстел өткізілді.

Ақпан айының 8-не мектепте педагогтар қатысуымен «STOP, БУЛЛИНГ» Буллинг және кибербуллинг, алдын алу әдістері мен күресу жолдары туралы дөңгелек үстел өтті. Педагогтар презентация арқылы ақпараттанып, сұрақ-жауаптар қойылып, өз ойларымен бөлісіп, пікір алмасып, тренинг жүргізілді.

Ақпан айының 9-на мектебіміздің әкелеріміздің қатысуымен «Бала-отбасы айнасы» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Шара барысында әкелермен психологиялық ахуалды жақсарту мақсатында сергіту ойыны, сондай-ақ буллинг, кибербуллингтің алдын алу мақсатында тренингтер жүргізілді.

Наурыз айының 12-19 күндер аралығында мектебіміздің педагогтары қатысуымен «Құпия дос» психологиялық акция өтті. Педагогтардың бір-біріне деген құрметін, сүйіспеншілігін арттыру, бір-біріне көтеріңкі көңіл, қуаныш сыйлау мақсатында жүргізілді.

Мамыр айының мектебімізде «Буллингке жол жоқ» Халықаралық Отбасы күніне орай буллингтің алдын алу мақсатында тимбилдинг ойындары, ата-аналар арасында өткізілді.

Жыл бойы оқушылардың үзілістерін тиімді пайдалану тақырыбында сергіту сәттері өткізіліп отырды



Білім алушылардың сабаққа бармауының алдын алу мақсатында «Мектепке жол» республикалық акциясы жүзеге асты. Акция аясында

әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан білім алушыларға қаржылай және материалдық қолдау көрсетілді

Мектебімізде әртүрлі есепте тұрған білім алушылар туралы сандық ақпарат төмендегідей:

Есепте тұрған оқушылардың үй-тұрмыс жағдайлары жасалынып, ата-аналарына әлеуметтік-педагогикалық кеңес берілді. Оқушылардың есепке алынуының әлеуметтік себептерін анықтау мақсатында әлеуметтік сауалнамалар алынып, отбасыларына әлеуметтік-педагогикалық мінездеме берілді.

Мектепте жалпы жылдың басында 52 оқушы болды, 1 тоқсан аяғында 52 бала. 2 тоқсан басында 51 оқушы болды. Соның ішінде қыз 27, ұл 24. Жалпы отбасы саны 29, көп балалы отбасы саны 12, толық емес отбасы 5. Көп балалы отбасының балалар саны 30 бала (мектеп қабырғасында) Толық емес отбасындағы бала саны 7. Атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасы саны 2. Күнкөріс деңгейі төмен төмен отбасы саны 7. Қыркүйек айынан бастап № 63 бұйрыққа сәйкес ыстық тамақ ішетін бала саны 38 бала болып бекітілді.

Өгей ата-анамен тұратын оқушылар 3 сынып оқушысы Кеулімхош Ерсұлтан, 6 сынып оқушысы Кеулімхошева Еркеназ, 8 сынып оқушысы Кеулімхошева Каусар – өгей әкесі Сейтен Нұржігіт 9 сынып оқушысы Көлбаев Жансұлтан – өгей әкесі Жолжанов Жасұлан

Осы аталған оқушылардың отбасы жағдайы төмендегідей: екі отбасын тексерген кезде отбасылардың жағдайлары жақсы, жатын бөлмелері ер балалар мен қыз балаға бөлек бөлмесі бар. Үйдің санитарлық жағдайлары қанағаттанарлық, сабаққа дайындалуға жағдай жасалған, мектепке қажетті оқу-құралдарымен жабдықталған. Кеулімхош Ерсұлтан, Кеулімхошева Еркеназ, Кеулімхошева Каусар көп балалы отбасында тәрбиеленіп жатыр, екі отбасының әкелері мектептегі жиналыстарға және отбасылық сайыстарға қатысып отырады. Отбасында балаларға көңіл бөлінеді. Көлбаев Жансұлтан анасы және өгей әкесімен тұрады. Балалардың көңіл-күйі, сабаққа қатысымы жақсы, ешқандай арыз шағым жоқ.

Осы аталған оқушылардың бос уақыттары мектеп әкімшілігімен қадағаланып, ұйымдастырылып отырады.

Мектепте өгей әкемен тұратын оқушылар бар. Екі отбасы анықталып, зерттеліп отыр. Соның ішінде Көлбаев Жансұлтан, әкесі Жолжанов Ж. Анасы Кребаева Ж. Отбасы жағдайы жақсы, ата-анасының екеуі де жұмыс жасайды. Үй жағдайы тексерілді, акт жасалды.

Кеулімхошева Каусар, Кеулімхошева Еркеназ және Кеулімхош Ерсұлтан өгей әкесі Сейтен Нұржігіт, анасы – Сейлова Жансая. Тұрмыс жағдайлары жақсы. Сейтен Нұржігіттің тұрақты жұмыс орны бар. Үй жағдайы зерттелді,

акт жасалды. Өгей әкелер ата – аналар жиналысына қатысады. Екеуі де әкелер мектебінің құрамына кіреді.

Балалардың есепке алынуының алдын алу мақсатында сынып жетекшілермен бірге «Бала құқығы», «Құқықбұзушылықтың салдары» тақырыптарында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

2023-2024 оқу жылының жылдық қорытындысы бойынша:

1. Сынып жетекшілер жылдық тәрбие жұмысы жоспарын тұрақты өз уақытында жүзеге асырды.
2. Мектеп оқушылары оқулықтармен толық қамтылды.
3. 38 білім алушы ыстық тамақпен қамтылды.
4. Сабақты себепсіз, ескертусіз көп жіберген оқушы жоқ
5. Үйірмелер мен спорттық секция жұмыстары тұрақты жүргізілді.
6. Сынып жетекшілер құқықбұзушылықтың, діни экстремизмнің алдын алу бағытында жұмыс жасады.
7. Мектепшілік, аудандық есепте оқушы жоқ.

**Жарәткел НОББМ 2024-2025 оқу жылындағы тәрбие жұмысы бойынша
Мектепшілік бақылау жұмысының талдамасы**

2023 -2024 оқу жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 16 қыркүйектегі № 472 бұйрығы мен Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша Мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен 2023-2024 оқу жылына арналған КЕШЕНДІ ЖОСПАРЫ негізінде жасалған тәрбиенің жылдық жоспары жасалып, бекітілді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында іске асырылған жобалар және бекітілген жетекшілер:

- «Қамқор» жобасы –Айтимова Л.
- «Еңбегі адал- жас өрен» - Қайроллаева Алтынай
- «Smart Bala» жобасы – Борантаев Алмат
- «Шабыт» жобасы – Жалғасбаева Жаңагүл
- «Ұшқыр ой алаңы » Серікұлы Нұрдаулет
- «Балалар кітапханасы» жобасы Кребаева Зәмзагүл

Мектепшілік бақылау жоспары төмендегідей бағыттарда құрылды:

- нормативтік құжаттарды орындау;
- класс жетекшілердің тәрбие құжаттарын жүргізілуін бақылау;
- оқушылардың оқулықпен қамтылуын қадағалау;
- оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуы
- оқушы күнделіктерін тексеру

- тәрбие жоспары бойынша тәрбие сағаттарының жүргізілуін бақылау
- оқушылардың сабаққа қатысымдарын тексеру
- мектепте үйірмелердің, спорттық секциялардың уақытылы жүргізілуін қадағалау;
- мектепте жүзеге асырылған қайырымдылық акциялар
- ата-аналармен бірлескен жұмыстардың жүргізілуі, «Ата-аналардың педагогикалық қолдау» орталығының жұмысы
- мектеп құжаттарының жағдайы
- оқушылар мен мұғалімдер кезекшіліктерінің атқарылуы.
- «буллинг», «кибербуллинг», оқушылар арасында құқықбұзушылықтың алдын алуы
- әлеуметтік жобалар жұмыстары.

Сынып жетекші ҚР-ның заңдарын, балалардың және олардың жас ерекшеліктеріне қатысты педагогиканы, психологияны, валеологияны, мектеп гигиенасы, педагогикалық шеберлікті, тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесін білу қажет. Жылдың басында «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» негізінде құрылған әр сынып жетекшінің тәрбие жоспарлары бекітілді. 2024-2025 оқу жылында Жарөткел НОББМ директорының 02.09.2024 ж №52 бұйрығы негізінде төмендегідей сынып жетекшілер өз қызметтерін жүзеге асырды.

- 1-сынып жетекшісі Жиеналы М.
- 2- 3 сынып жетекшісі Сандибекова А.
- 4-сынып жетекшісі Аяпова Г.
- 5-6сынып жетекшісі Сапиева Н.
- 7-сынып жетекшісі Айтимова Л.
- 8-сынып жетекшісі Есмағанбетова А.
- 9-сынып жетекшісі Қайроллаева А.

2024-2025 оқу жылы 50 білім алушымен басталды. Барлық білім алушы оқулықтармен толық қамтылды. Жалпы мектепте жыл басында 50 оқушы. Арнаулы санат бойынша төмендегідей бөлінеді: 1-4 класта – 6 оқушы, 5-9 класта -7 оқушы. Көп балалы отбасы -10 отбасы, бала саны – 24. Толық емес отбасы - 6 отбасы, ондағы мектепте оқитын -12 бала. Толық отбасы 18, бала саны – 38 бала. Ыстық тамақпен қамтылатын оқушылар саны 5-9 кластар бойынша 7 оқушы, бастауыш сыныптарда – 20 бала тамақ ішеді. Бракераждық комиссия жоспары бекітіліп жоспарға сай жұмыстар жүргізіліп, акт жасалып тұрады. Әлеуметтік көмек алатын ата-анаға санат бойынша

түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, өтініш қабылданып, ауданға тізім тапсырылды. Ата –аналар уақытында көмек алды. Жалпы санат бойынша көмек алған отбасы 5, ондағы бала саны 13. Күн көріс деңгейі төмен отбасынан 8 оқушы, төтенше жағдай санаты бойынша 2 оқушы қамтылды. Атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасындағы бала саны- 3. Мектепте бір отбасы өгей әкемен тұрады. Сейтен Н.пен Сейлова Ж. 5 бала тәрбиеленіп отыр, олардың екі баласы Жарөткел негізгі мектебінде оқиды. Өгей әкемен тұратын оқушылардың отбасы зерделеніп отырады. Екі ажырасқан отбасының балалары оқиды. Аналары жұмыс жасайды, алимент алады.

Жоспар бойынша мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес оқу жылының басында сынып жетекшілер бекітіліп, арнайы сынып жетекшілер әдістемелік бірлестік отырысы ұйымдастырылды. Отырыста 2024-2025 оқу жылында әр сыныпқа тәрбие сағаттарын жоспарлау кезінде сынып жетекшілер «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы мен әдістемелік нұсқау хат негізінде бағдарламасына сәйкес тәрбие жоспарын дұрыс құрылуы мен жүргізілуіне байланысты бағыт-бағдар берілді. Әр ай тұлғаны қалыптастыруға бағытталған іс шараларды қамтиды. Сынып жоспарларында міндетті түрде ай сайынғы құндылықтарды қамтитын сынып сағаттары болу керек. Сонымен қоса, қауіпсіздік сағаттары жоспарланған. Сынып сағаттарын жоспарлау кезінде оқушылардың жас ерекшеліктері мен тәрбиелік деңгейлері ескеріледі. 1-8 кластар арасында «Жолда жүру ережелері» бағдарламасы қоса жүргізіледі. Сынып жетекшілер Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы №18 бұйрығы негізіндегі лауазымдық міндеттерімен таныстырылды.

2024-2025 оқу жылы бойынша 2 спорттық секция, 1 үйірме жұмыс жасады. Жыл бойы сабақтарын мектепшілік бекітілген кестеге сәйкес жүргізіп отырды. Үйірме бойынша «Шахмат» секциясына 15, (жетекшісі Серікұлы Н), «Тоғызқұмалақ» секциясына 15 (жетекшісі Сәкен Б.) «Жас өркен» театр үйірмесінде 13 бала (жетекшісі Сәкен Б.) қамтылды.

Мектеп оқушыларының сабаққа қатысымын күнбе-күн бақылауды мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілер жүзеге асырып отырады. Келмеген, сабақтан көп қалатын оқушылардың ата-аналарымен байланыс жасалып, себептері анықталып кестеге түсіріліп отырады. Ай сайынғы жасалған қорытынды мониторинг бойынша себепсіз, ескертусіз сабақтан жиі қалатын оқушылар анықталмады. Көп жағдайда білім алушылар денсаулық жағдайына байланысты дәлелдейтін анықтамасымен келді. Мектеп оқушыларының күнделіктері әр айдың соңында тексеріліп, сынып жетекшілер қорытынды

анықтама негізінде жұмыс жасады. Токсан сайын әр сыныптан білім алушылар «Таза күнделік» номинациясына ұсынылып марапатталып отырды.

2024-2025 оқу жылында «Мектепке жол» акциясы аясында мектеп ұжымы мектептен 2 білім алушыға кітап құралдарымен қамтыды.

Сынып жетекшілердің тәрбие жоспарының уақытында жүзеге асырылуы үнемі бақыланды. Кесте құрылып, тәрбие сағаттарының жүргізілу барысын, мақсаттылығын, сыныппен жұмыс жасау сапасы бақыланды.

2023 жылда 5-6-сынып жетекшісі Н. Сапиеваның «25- қазан Республика күні» атты ашық сабағы өтті.

https://www.instagram.com/p/DBg3_yRgulQ/?igsh=Nm96dGN0NHF5YmZo

8-сынып жетекшісі А. Есмаганбетованың «Лудомания. Ойын құмарлығының алдын алу», 3-сынып жетекшісі А. Сандибекованың «Адамгершілік сабақтары: мөлдір бастау» тақырыптарындағы тәрбие сағаттары ашық түрде ұсынылды.

<https://www.instagram.com/p/DDW7Vlbg3cC/?igsh=MTltM2F5bHRyOGFmag==>

Бастауыш сыныптарда «Менің Республикам» тақырыбында ашық тәрбие сағаттары өткізілді.

https://www.instagram.com/reel/C_cU5qPIhRU/?igsh=MTZ6dWQ0cmZ6azRxaQ

Л. Айтимованың 7 класта өткізген «Буллингтен қорған!» тақырыбында және «Отбасым - мақтанышым» тақырыбында сынып сағаттары өтті.

https://www.instagram.com/p/DF6_1nGoy2y/?igsh=MWtxOWhnZm1yNzM3dQ=

<https://www.instagram.com/p/DDMeIu8okAs/?igsh=b2hwZzJmZ3R2b2o3>

https://www.instagram.com/p/C_kjPFZA3ym/?igsh=MTF3bmX5bTlwcXFfZA==

А. Қайроллаеваның «ДосболLike» және «Еңбек түбі береке» тақырыптарында сынып сағаттары өтті.

<https://www.instagram.com/reel/DBQqixtAmDF/?igsh=OG9tMnVpeWtxYWWhh>

<https://www.instagram.com/p/DAiBq-5AlkC/?igsh=bzhsazZpcHl0dDBn>

Сынып жетекшілердің жұмысын дұрыс ұйымдастыруға бағыт-бағдар беру мақсатында тәрбие ісі жөніндегі орынбасар А. Есмаганбетова сәуір айында «Бала тұлғасының дамуы және тәрбиесі» тақырыбында мектепшілік семинар ұйымдастырды.

Семинар –практикумның мақсаты: Сынып жетекші қызметін жетілдіру, заманауи сынып жетекші моделін қалыптастыру, белсенді сынып

жетекшілерді ынталандыру, шығармашылық идеяларды ашу арқылы өз істеріне деген құрметін қалыптастыру

Мектеп ата-аналарымен өзара әрекеттесу бойынша мектепшілік ата-аналармен жұмыс жоспары және әр сынып жетекшінің ата-аналармен жылдық жұмыс жоспары бекітіліп жұмыс жүргізілді. Сонымен қоса, мектепте «Ата –аналарды педагогикалық қолдау» орталығы жұмыс жүргізеді. Орталықтың мақсаты: тұлғаның үйлесімді дамуын қамтамасыз ету үшін орта білім беру ұйымдары мен ата-аналар арасындағы тиімді өзара әрекеттестік пен позитивті ата-ана болу мәдениетін дамыту. Орталықтың үш буынға берілген оқу сағаттары мен тақырыптары бар. Осы тақырыптар бойынша ай сайын бастауыш және орта буынға сабақтар өткізіліп тұрды.

https://www.instagram.com/p/C_hv-nfgrv2/?igsh=ZnhzaGFtanBkZG5u

<https://www.instagram.com/p/DBtOfvBgQ0l/?igsh=eHB2MWc0YjZsbGJ6>

<https://www.instagram.com/p/DBQwRnIAqlp/?igsh=MTRudmhwM2Nkb3lncg==>

<https://www.instagram.com/reel/DFVlny5Au28/?igsh=MW01eWEzYzdlOGYybA>

==

<https://www.instagram.com/reel/DFrufhvgHQj/?igsh=MTJkZ2YwNm13b3A4aQ=>

=

<https://www.instagram.com/reel/DFNfYAgw5n/?igsh=MWFpN3JqbGV0dnc3Zw=>

=


<https://www.instagram.com/reel/DG1oHND0S3a/?igsh=MWlxYWw3eWthcjFvaw>

==

<https://www.instagram.com/p/DIQjmuxgrhW/?igsh=aDVsc2Q1ejA3eWd5>

Мектеп оқушылары арасындағы діни экстремизм мен құқықбұзушылықтардың алдын алу мақсатындағы жұмыстардың уақытылы жүргізілуі қадағаланды. Мектеп оқушыларымен және ата-аналарымен түрлі тәртіп бұзушылық фактілерінің алдын алу мақсатында кездесулер ұйымдастырылды.





2024-2025 оқу жылының жылдық қорытындысы бойынша:

- 1. Сынып жетекшілер жылдық тәрбие жұмысы жоспарын тұрақты өз уақытында жүзеге асырды.**
- 2. Мектеп оқушылары оқулықтармен толық қамтылды.**
- 3. 25 білім алушы ыстық тамақпен қамтылды.**
- 4. Сабақты себепсіз, ескертусіз көп жіберген оқушы жоқ**
- 5. Үйірмелер мен спорттық секция жұмыстары тұрақты жүргізілді.**
- 6. Сынып жетекшілер құқықбұзушылықтың, діни экстремизмнің алдын алу бағытында жұмыс жасалды.**
- 7. Мектепшілік, аудандық есепте оқушы жоқ.**